

## 2010 жылға арналған, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 51 қаулысы.  
Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 наурызда № 9-10-138 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабына сәйкес,  
ә к і м д і к **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін 2010 жылға арналған, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт (бір жыл және одан да көп) жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 2) елу жастан асқан тұлғалар;
- 3) уәкілетті органының жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар;
- 4) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 5) толық емес отбасылардың жұмыссыздары;
- 6) уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздар.

2. "Жітіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жоғарыда аталған тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ж. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі*

*Қ. Испергенов*

*КЕЛІСІЛГЕН*

*"Жітіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*И. Григорьева*